




Адвербиалдану


Адвербиалдану процесінің негізгі ұйтқысы болып табылатын жекеленген сөз таптары. Адвербиалдану яғни, өзге сөз таптарының үстеулер қатарына өтуі басқа тілдік құбылыстар сияқты белгілі бір заңдылықтар мен тілдік нормаға сүйенеді. Әрбір сөз таптарының үстеулер қатарына өтуге бейім единицалары бар. Сол тілдік единицалардың үстеуге айналуына белгілі мөлшерде грамматикалық формалар ықпал етеді. Мысалы, мезгілдік және мекендік мағыналары бар зат есімдер, сапалық сын есімдер, сұрау және сілтеу есімдіктері, белгісіздік сан есімдер мен көсемшелер.






Үстеулердің қалыптасуында есім сөздер елеулі роль атқарды. Әрбір сөз табы үстеулерді туындатуда түрліше ерекшеленеді, танылады. Зат есімдер үстеулер тобына көбінесе екі жағдайда ғана ауысады. Біріншіден, зат есімдер сөз түрлену жүйесінің жалғауларымен грамматикалық қарым-қатынасқа түседі. Белгілі бір септік формаларымен тұрақтанған сөз пысықтауыштық функциялы сөз топтарын жасайды. Грамматикалық көрсеткіштер әрбір сөздің бойына сіңісіп, оның құрамдас бөлігіне айнала бастайды. Сөз төл мағынасынан айырылады, түрлендіруші форма өзінің бастапқы қасиетінен алшақтап, өлі формалар қатарына өтеді. Сөз бен форма тұтастай өздерінің алғашқы сөз түрлендірушілік қабілетінен айырылып, нәтижесінде бір ғана сұраққа жауап беретін, бір ғана сөз табының единицасы болып қалды. Тілдегі аталмыш процесс көне түркі жазбаларынан белгілі.

Адвербиалданған зат есімдердің құрамындағы грамматикалық көрсеткіштерді сөз түрлендіруші септік формалары деп есептеуге болмайды. Олар тек тарихи тұрғыдан ғана септік формалары деп аталады. Қазіргі уақытта мұндай жалғаулар формалық нормада ауытқып кеткен өлі элементтер түрінде ғана қаралады. Мысалы, көне түркі ескерткіштері мәтіндерінде кездесетін, қазіргі түркі тілдерінің барлығында үстеулік тұлға, тек үстеулік мағынаға ие сөз ретінде танылған **йоқару-«жоғары», ілгеру - «ілгері», керу - «кері», ташқару - «сыртқа, тысқа»** т.б сөз құрылымдарын алайық. Ескерткіштер тілінде үстеу түрінде қолданылған **йоқару – «жоғары»** сөзі 5-8 ғасырларға дейін қалыптасудан өткен. Мәтінде аталмыш сөз үстеу ретінде толық мағынаға ие болған, қызметі жағынан да үстеулік мәнге ие.







Көне түркі тілдері ескерткіштері мәтіндерін қарастырғанда үстеу ретінде қалыптастыратын тұлғалары себепші формалардың функциялары мен түрлері де молынан кездеседі. Қазіргі түркі тілдердегі деректермен салыстыратын болсақ, тілдің дамуы барысында адвербиалданатын тұлғалар мен формалар өсіп отырған. Тілімізде қолданып жүрген бірқатар үстеулер сөздер сонау көне түркі дәуірінде, орта ғасыр жазбаларында үстеу ретінде әбден қалыптасқан, өзге сөз таптарынан іргесін бөліп алған. Ал қайсыбірлері кейінгі жылдары пайда болған.

Мысалы, қазақ тілінде кездесетін **кешке** сөзіне тоқталайық.

Аталмыш сөз үстеу ретінде кейінгі жылдары ғана қалыптасып, толық мағынаға ие болған. Құрамы тек тарихи тұрғыдан талданбаса, қазіргі тіл тұлғасынан еш ажыратуға, талдауға келмейді. Аталмыш сөздің құрамын қазіргі қазақ тілі бойынша талдасақ **-ке** формасы бойынан жалғауға тән қасиет ауытқып кеткен көрсеткіш ретінде танылады. Яғни, сөз құрамындағы жалғауда сөз түрлендіруші қасиет жоғалған, өлі форма түрінде ғана к өнеленген септік жалғау десе болады. Ал егер аталмыш форманы өз түрлендіруші барыс септігі ретінде қараса, онда сөз тарлығымен үстеулер қатарынан алшақтап кетеді. Ал егер аталмыш форманы сөз түрлендіруші барыс септігі болса, онда қимылдың, іс-әрекеттің бағытын білдірген болар еді.



A bouquet of pink roses is positioned in the bottom-left corner of the image. A dark red pen with gold-colored accents lies diagonally across the right side of the paper. The background is a light, textured surface, possibly a wall or a backdrop.

Зат есімдердің үстеулер тобына дайын единица күйінде ауысуы тілде аса қарқынды дамуға ие емес. Сөз немесе сөз тіркестерінің үстеулер тобына өз формасын еш өзгертпестен өтуі сол сөздің лексика-семантикалық ерекшелігінің әсері деп білуі шарт. Шындығында да мезгіл үстеулері уақыттың белгілі бір өлшемін, мезгілін білдіретін сөздермен байланысты, ал мекен үстеулері заттың мекенін, орнын білдіреді. Сөздердің мағыналық бөлшегіндегі осындай қасиеттерін қарастыра отырып түрік тілін зерттеуші, профессор А.Н. Кононов зат есімдердің үстеулер қатарына өтуін төмендегіше сипаттайды: «Характерным признаком перехода имени существительного в наречие, точно так же, как и в русском языке, является следующее: имя существительное утрачивает возможность сочетаться с определением»



Сөз таптарының ішінде адвербиадану процесіне бейім сөздер сын есімдер. Түркі тілдерінде кездесетін көптеген үстеулер өздерінің шығу төркіні жағынан сын есімдермен негіздес, төркіндес болып келеді. Тілші Ж. Сарбалаев сын есім сөздердің үстеулер қатарынан орын алып, кейіннен толық үстеу болып қалыптасу тұрғысында мынадай дәлелдер мен сипаттамалар береді: Сын есімдер тобынан үстеулер қатарынан ауысқан сөздер, әсіресе, қимыл-сын және күшейіткіш үстеулердің құрамына жиі ұшырасады» .

Зат есімдер категориясынан ауысқан сөздер көбінесе мекендік, мезгілдік мағынаны білдірсе, адвербиалданған сын есімдер қимыл мен іс-әрекеттің сипатын, белгісін, мөлшері мен көлемін білдіруге бейім тұрады.


Жекелеген түркі тілдері деректерін салыстыра отырғанда сын есімдердің үстеулерге айналуының басты белгілерінің бірі ретінде конверсия құбылысы ерекше сипатқа ие.

Өйткені, көп жағдайда сын есім сөздер өздерінің тұлғалық сипатын сақтай отырып, контекстік мағынасына, функциясына байланысты үстеуге айналады.






Үстеулердің қалыптасуына сын есімнің шырай формалары да көптеп кездеседі. Қазақ, өзбек, башқұрт тілдерінде шырай формаларымен двербиалданған көптеген тілдік единицаларды кездестіреміз. Олар үстеу сөз табын қалыптастыруда ерекше сипатқа ие.



Үстеуге айналған сын есімдерді тұлғасына қарай төмендегіше сипаттауға болады. Қазіргі түркі тілдерінде мүлдем, біржолата үстеуге айналған үстеулер және әлі де болса өзінің бастапқы сөз табындық ерекшелігінен арыла алмай жүрген сөздер. Алғашқы топ сын есімдер әлдеқашан өзінің лексика-семантикалық категориясынан алшақтап, тілдің қазіргі тұрғысынан қарағанда қай жағынан алса да үстеулік мән мағынаға ие болған сөздер де, ал кейінгі топтағы үстеу деп танылып жүрген сөздер өздерінің алғашқы лексика-семантикалық белгілерінен толық ажырамаған, екі жақты қызметі мен сипаты бар, қолданылу ыңғайына қарай аралық жағдайда сипатталатын, толық адвербиалданған сөздер.



Түркі тілдерінде үстеулердің сөз табы ретінде қалыптасуына мол ықпал еткен формалардың бірі – етістіктің көшемше категориясы. Көне түркі жазба ескерткіштері мәтіндерінен белгілі үстеулердің сөз табы ретінде толық қалыптаспаған дәуірінде аталмыш көсемше формаларымен жасалған үстеулік мәні, мағынасы бар, қызмет аясына байланысты толық пысықтауыштың функциясында қолданылған сөздер тобы кездеседі. Осыған қарап, үстеулердің қалыптасуындағы алғашқы белгілер көсемше формаларымен байланысты болса керек деген пікір туындайды.

Тілде үстеулердің бастапқы пайда болу белгілері есімдермен қатар етістікті түбірлерден де жасалып отырғандығын байқаймыз.

- Сөз таптарының ішінде үстеулерді қалыптастыруға ықпал ететін сөз топтарының бірі – есімдіктер. Есімдіктің барлығы бірдей қалыптастыруға қатыса бермейді. Көбінесе сұрау есімдіктері мен сілтеу, жіктеу есімдіктері үстеулер қатарына өтіп жатады. Олар үстеу қатарына дайын единица күйінде де грамматикалық көрсеткіштер көмегімен өтеді. Тілдегі кездесетін есімдіктен жасалған үстеулердің көбі грамматикалық көрсеткіштер негізінде қалыптасқан.

- Көне жазбалардан (**анча, мунша**), қазіргі тіл материалдарынан кездесетін (**мұнша, сонша, қанша**) тұлғалық үстеулер толық адвербиалдану құбылысын басынан өткізеді. Аталмыш сөздер үстеу ретінде толық қалыптасып, оның құрамындағы септік жалғауы түбірмен сіңісіп, құрамдас бөлігі болып қалған. Мұндай сөздерді тек тарихи тұрғыдан ғана түбір мен қосымшаға ажыратпаса қазіргі тіл тұрғысынан ешбір бөлшектеуге келмейді.

- ӘДЕБИЕТТЕР

- 1. Кононов.А.Н. Грамматика современного турецкого языка. - М-Л., 1956. – 309 с.
- 2. Сарбалаев Н. Адвербилизация туралы.- Қазақ тілі мен әдебиет. Алматы, 1994. - 35-39 б.
- 3. Гулямов А.Г. К вопросу об адвербиализаций в узбекском языке. Уч. записки ТГПИ.